



НӘСІЛДЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Орындаған:

Алаева Г.

Әліп А.

Ситалиева Ж.

Түркістанова Б.

Өмірбекқызы Ж.

Қуанышбай А.

Жоспары:

1

Нәсіл және оның этностардан айырмашылығы

2

Нәсілдердің жіктелуі

3

Моногенизм және полигенизм

4

Нәсіл қалыптасуындағы табиғи сұрыпталу

Нәсіл және оның этностардан айырмашылығы

Нәсілдер — бұл саны әртүрлі адамдардың тарихи қалыптасқан топтары (популяциялар топтары), олардың морфологиялық және физиологиялық қасиеттері ұқсас, сонымен бірге олар белгілі бір аумақтарда ғана таралады. Олар тарихи факторлардың әсерлері арқылы дамып және бір ғана түрге (*H. sapiens*) жатады. Нәсіл халықтан немесе этностан айырмашылығы белгілі бір аумақта таралған, бірнеше нәсіл жиынтықтарынан құралуы мүмкін немесе керісінше, сол бір нәсілге бірнеше халықтар жатуы және олар әртүрлі тілде сөйлеуі мүмкін.

Нәсілдің бар екенін адамдар біздің ғасырымызға дейін де білген. Сол кездің өзінде олардың қайдан пайда болғаны туралы алғашқы қадамдар жасалған. Мысалы, гректердің көне аңыздарында кара нәсілді адамдарды Фаэтон (Гелиос құдайының баласы) байқаусызда өзінің күн тәрізді арбасымен жерге ақ нәсілді адамдарды жағып жіберу үшін жақын келген кезде пайда болды деп түсіндіреді. Грек философтары нәсілдердің пайда болу себептерін көбіне ауа райымен байланыстырды.



Нәсілдердің жіктелуі

Әр түрлі нысандардың таралу ареалдары сәйкес келмейді, сондықтан нәсілдік шекаралар анық емес және шартты болып келеді. Төрт үлкен нәсілге бөлу қалыптасқан. Олар: негроидтер, оған жақындау аустралоидтер, еуропеоидтер және монголоидтер, олардың ішінен кіші нәсілдер бөлінеді. Қазіргі адамзаттың дені үш үлкен нәсілге жатады:

- экваторлық, (негроидтер, австралоидтер, негравстралоидтер),
- еуропалық,
- моңғолоид.

Нәсілдік ерекшеліктер аса маңызды емес. Барлық нәсіл биологиялық, психологиялық қатынастарда өзара тең және даму сатысының бір деңгейінде тұр.



Еуропеоидтік нәсілдерге тән белгілер:

Еуропеоидтік нәсілдерге тән белгілер: ұзын бойлы, шашы ұзын салалы әрі ашық, терісі ақшыл түсті. Олардың бет пішіні сопақша, мұрты мен сақалы тез өскіш, қыр мұрынды (жалпақ емес), жұқа ерінді болып келеді. Еуропеоидтік нәсілдер алғашында Еуропа мен Алдыңғы Азия жерінде өмір сүрген. Қазір еуропеоидтік нәсілдер барлық құрлықтарда өмір сүреді.



Моңғолоидтік нәсілдерге тән белгілер

Монголоидтік нәсілдердің де өздеріне тән белгілері бар. Монголоидтік нәсілдердің шаштары қатты әрі ұзын салалы, терісінің түсі қоңырқай, сақал-мұрты баяу өседі. Көбіне орта бойлы, жалпақ бетті, мұрын пішіні де жалпақ, көздері қысықтау, еріндерінің қалыңдығы орташа болып келеді. Монголоидтік нәсілдер, негізінен, Азия құрлығында кеңінен таралған. Қазіргі кезде монголоидтік нәсілдер барлық құрлықтарда өмір сүреді. Бұл негізгі үш нәсілден ғалымдар Солтүстік Америкадағы үндістер мен аустралиялықтарды өз алдына жеке нәсілдер деп бөледі. Үндістердің сыртқы түрі өздеріне тән қыр мұрынды, сопақ бетті, ұзын шашты болып келеді. Ал аустралиялықтардың терісі қара түсті, шашы толқын пішінді (бұйра емес), сақал-мұрты қалың өседі. Аустралиялықтардың тісінің құрлысы, қан құрамы, саусақ бедерлері жағынан монголидтік нәсілдерге ұқсас болып келеді.



Монголоидтік
нәсілдер



Негроидтік нәсілдерге тән белгілер

Негроидтік нәсілдердің шаштары бұйра, әрі қара түсті, терісінің түсі де қара, сақал-мұрты баяу өседі. Мұрны жалпақ, бет пішіні сопақша, көздері үлкен, еріндерінің қалыңдығы айқын байқалады. Нағыз негроидтік нәсілдер, негізінен, Африкада өмір сүреді. Негроидтік нәсілдер де қазіргі кезде басқа құрлықтарда да таралған.

Моногенизм және полигенизм



Нәсілдердің шығу тегі туралы ғалымдар арасында қарама-қарсы тұжырымдар бар. Кейбір ғалымдар жер бетіндегі нәсілдер бір ғана жерде пайда болып, кейіннен басқа аймақтарға таралған деген пікірді қостайды. Оны **моноцентризмдік тұжырым** деп атайды. Ол гректің «Monos» — «бір» және латынның «centrum» — «орталық» деген сөздерінен алынып, «бір орталықтан шыққан» деген ұғымды білдіреді. Нәсілдердің пайда болуы туралы келесі тұжырым — **полицентризм** (грекше «полис» — көп) деп аталады. Ол тұжырым бойынша нәсілдер әрбір аймақта өз алдына жекелей пайда болады деп түсіндіреді. Көпшілік ғалымдар қазіргі кезде моноцентризм тұжырымын қолдайды. Қазақстандық ғалым Әділ Ахметов өзінің көп жылдық ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде, қазақ халқы мен Солтүстік Америкадағы үндістер арасындағы туыстық белгілердің бар екендігі атап көрсетті. Нәсілдердің шығу тегін, туыстық жақындықтарын, тарихи қалыптасуын және олардың сыртқы орта жағдайларының әсеріне бейімделуін **нәсілтану** ғылымы зерттейді.

Нәсіл қалыптасуындағы табиғи сұрыпталу

Адамның жеке басының дамуындағы биологиялық факторлармен әлеуметтік факторлардың алатын орны мен рөлі жайлы түрліше пікірлер болады. Мәселен, неміс биологы Геккель адам мен қоғамның дамуын негізінен анықтаушы биологиялық факторлар, ал адам дамуы мен адам эволюциясының қозғаушы күші тіршілік үшін күрес және табиғи сұрыпталу деп есептеді.

1869 жылы Евгеника ілімінің принциптерін тұңғыш тұжырымдаған Ф. Гальтон адамның болашақ ұрпақтарының тұқым қуалаушы сапаларын (денсаулығын, ақыл-ой сапаларын) жақсартуға әсерін тигізетін факторларды зерттеуді ұсынды. Оның идеялары көп жағдайда нәсілшілдікті, атап айтқанда фашистік нәсілшілдік теорияларды ақтау үшін пайдаланылады. Нәсілдердің өзара қосылысуы биологиялық жағынан пайдалы екендігін дәлелдеген еңбектер шыға бастады.

Түрлі нәсілдер арасында түрлі генетикалық айырмашылықтар бар, негрлердің ақыл-ой коэффициенті төмен, өйткені ақыл-ой қабілетінің коэффициенті тұқым қуалау арқылы, нәсілі арқылы анықталады деп насихаттаушы еңбектер әліге дейін шығуда. Шындығында, нағыз ғылыми, жан-жақты, терең зерттелген еңбектер генотиптің ерекшеліктері нәсілдәк деңгейде емес, жеке адамдық деңгейде көрінетінін дәлелдеді. Әрбір адамның генотипі – әртүрлө, ерекше. Ақыл-ой коэффициентіндегі айырмашылық тек тұқым қуалауға байланысты емес, сыртқы орта жағдайларына да байланысты.